

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы № 438
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 606 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19
қыркүйектегі № 995 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы № 438
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 17, 191-құжат)
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш
агенттігі туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Агенттіктің заңды мекенжайы: почталық индексі 010000, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Орынбор көшесі 8, Министрліктер үйі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Агенттіктің қызметі аясындағы негізгі міндеттері мыналар болып
т а б ы л а д ы :

1) ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясаттың қалыптасуын іске
а с ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді және салааралық
үйлестіруді жүзеге асыру ;

3) Қазақстан Республикасының ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту;

4) ғарыштық технологиялар мен қызметтер нарығын қалыптастыру үшін
ж а ғ д а й ж а с а у ;

5) Қазақстан Республикасында ғарыш қызметінің заңнамалық және
шарттық-құқықтық базасын құру;

6) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

8) өз құзыреті шегінде "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға
алуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Агенттік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамытудың жай-күйі мен болжамына және ғарыш кеңістігін зерттеу мен пайдалануда әлемдік үрдістерге т а л д а у жү р г і з е д і ;

2) ғарыш қызметін дамытудың басым бағыттары, сондай-ақ ғарыш қызметі саласында мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді қоса алғанда, ғарыш қызметі саласындағы жобаларды және бағдарламаларды іске а с ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

4) ғарыштық орналастыру және қашықтықтан зондтауды бақылау құралдарын (ғарыш мониторингін) пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін бақылау жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады;

5) өз құзыреті шегінде ғарыш қызметі саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;

6) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықаралық шарттар жасасады;

7) ғарыш қызметін қазақстандық қатысушылар жүзеге асырған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағынан, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш объектілерін ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау тәртібін ә з і р л е й д і ;

8) ғарышкерлікке кандидаттарды іріктеу және ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер мәртебесін беру тәртібін әзірлейді;

9) ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарاقاتының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу тәртібін әзірлейді;

10) ғарыш кеңістігін пайдалану саласында лицензиялауды жүзеге асырады;

11) ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік т а л а п т а р ы н ә з і р л е й д і ;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде ғарыш қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

13) ғарыш қызметінің қатысушылары қызметіне мониторинг жүргізеді;

14) мемлекеттің қатысуымен ғарыш қызметі саласында жұмыс істейтін ұйымдардың басқару органдарында мемлекет мүдделерін білдіруді өз құзыреті ш е г і н д е ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

15) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптаманы жүзеге а с ы р а д ы ;

16) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін
ө з і р л е й д і ;

17) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге
асырады және ғарыш объектілерінің тіркелімін жүргізеді;

18) ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш
объектілерінің таңбалануын айқындайды;

19) ғарышкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру
жөніндегі, сондай-ақ ғарыш қызметі саласындағы мамандарды қайта даярлау
және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен
үйлестіруді жүзеге асырады;

20) Қазақстан Республикасының ғарышкерлер жасағы туралы ережені
ө з і р л е й д і және б е к і т е д і ;

21) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына
сәйкес ғарыш қызметі саласындағы техникалық регламенттер мен мемлекеттік
стандарттар әзірлеуді ұйымдастырады;

22) Қазақстан Республикасы үшін жасалатын ғарыш техникасы өндірісіне
арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесін Қазақстан Республикасының
Үкіметіне бекітуге ұсынады;

23) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары
транспондерлерін ұсыну тәртібін әзірлейді;

24) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі ұлттық операторының ғарыш
түсірілімдерін жоспарлау, Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу
және тарату тәртібін әзірлейді;

25) дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының
спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну тәртібін
ө з і р л е й д і ;

26) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғарыш жүйелерінің ұлттық
операторларын, сондай-ақ олардың міндеттері мен функцияларын айқындау үшін
заңды тұлғалардың тізбесін ұсынады;

27) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде
ғарыш жүйелерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын, Қазақстан
Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (
қолдану) қағидаларын әзірлейді;

28) пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық
құралдарды кәдеге жарату тәртібін әзірлейді;

29) ғарыш қызметі саласындағы аяқталған жобалар бойынша нәтижелерді
қабылдау тәртібін белгілейді;

30) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шегінде іздестіру,
авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ аварияларды

т е к с е р у г е

қ а т ы с а д ы ;

31) ғарыш қызметі саласындағы аяқталған жобалар бойынша нәтижелерді қабылдауды ұйымдастырады және жүргізеді;

32) ғарыш қызметі саласында заңнама талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады ;

33) лицензиаттың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған лицензиялық бақылауды жүзеге асырады;

34) ғарыш қызметі саласындағы және "Байқоңыр" кешені жөніндегі халықаралық шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

35) ғарыш қызметінің мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді ;

36) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының "Байқоңыр" кешені бойынша халықаралық шарттарды орындау жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады ;

37) жалға алу жағдайында "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша Ресей Федерациясымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

38) Ресей Федерациясы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан жүзеге асыратын ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша жыл сайынғы қорытынды дайындауды және оны іске асыру мониторингін ұйымдастырады;

39) "Байқоңыр" кешенінің ұйымдастыру және өзге де шаруашылық мәселелерін белгіленген тәртіппен шешуді қамтамасыз етеді;

40) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының қарамағындағы "Байқоңыр" кешенінің объектілеріне жеке тұлғалардың кіруін қамтамасыз етеді;

41) "Байқоңыр" кешенінің жалға берілетін объектілері мен мүлкінің сақталу және пайдалану жағдайларын бақылауды жүзеге асыруға қатысады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*